



 ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ХОРЕОГРАФИЯ АКАДЕМИЯСЫ	«Қазақ ұлттық хореография академиясы» КАҚ бакалавриат студенттерінің кәсіптік практикасын ұйымдастыру және өткізу қағидалары	Код: 17-02
		Басылым: 1
		1 бет 14 беттен

«Қазақ ұлттық хореография академиясы» КАҚ Ғылыми кеңесінің шешімімен бекітілді
№ хаттама
2019 жылғы «28» 08



**«Қазақ ұлттық хореография академиясы» КАҚ
бакалавриат студенттерінің кәсіптік практикасын ұйымдастыру
және өткізу қағидалары**

Лауазымы	Т.А.Ә	Қолы	Күні
ӘЗІРЛЕГЕН:			
Оқу үрдісін ұйымдастыру және жоспарлау қызметінің басшысы	Абдрасилова Д.С.		28.08.19
Оқу үрдісін ұйымдастыру және жоспарлау қызметінің біліктілігі жоғарғы деңгей маманы	Жаныбекова Л.К.		28.08.19.
КЕЛІСІЛДІ:			
СМЖ бойынша жауапты маман	Косиди М.С.		28.08.19г.

 ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ХОРЕОГРАФИЯ АКАДЕМИЯСЫ	«Қазақ ұлттық хореография академиясы» КАҚ бакалавриат студенттерінің кәсіптік практикасын ұйымдастыру және өткізу қағидалары	Код: 17-02
		Басылым: 1
		2 бет 14 беттен

I. Жалпы ережелер

1. Осы «Қазақ ұлттық хореография академиясы» КАҚ бакалавриат студенттерінің кәсіптік практикасын ұйымдастыру және өткізу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) келесі нормативтік құжаттарға сәйкес әзірленді:

- 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III «Білім туралы» ҚР Заңы;
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығымен бекітілген Жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты;

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі №152 бұйрығымен бекітілген Кредиттік оқыту технологиясы бойынша кәсіптік практиканы ұйымдастыру мен өткізу қағидаларын және практика базалары ретінде ұйымдарды айқындау қағидалары.

2. Кәсіптік практика теориялық оқытудың нәтижелерін бекітуге, болашақ кәсіптік қызметпен байланысты белгілі жұмыс түрлерін орындау процесінде практикалық дағдылар мен құзыреттер алуға және дамытуға бағытталған.

3. «Қазақ ұлттық хореография академиясы» КАҚ (бұдан әрі – Академия) бакалавриат студенттерінің кәсіптік практикасы оқу жұмыс бағдарламалары мен оқу жұмыс жоспарларына сәйкес айқындалған.

4. Кәсіптік практиканың әр түрінің мақсаты, міндеттері мен бағдарламасы бар, оларға байланысты кәсіптік практиканың тиісті базасы айқындалады.

II. Кәсіптік приктиканы ұйымдастыру

5. Кәсіптік практика білім алушының оқу жұмысының міндетті түрі болып табылады. Практика студенттердің таңдап алған білім беру бағдарламасы бойынша шеберліктер мен дағдыларды алуына бағытталған.

6. Кәсіптік практиканың негізгі түрлері: оқу, педагогикалық, өндірістік, диплом алдындағы.

7. Оқу процесін ұйымдастыру кезінде кәсіптік практиканы академиялық кезеңнен бөлек, сондай-ақ академиялық кезеңмен қатар өткізуге рұқсат етіледі.


8. Кәсіптік практиканың түрлері, мерзімдері мен мазмұны оқу жұмыс бағдарламалармен, оқу жұмыс жоспарларымен және Академияның академиялық күнтізбесімен айқындалады.

9. Кәсіптік практиканың бағдарламасы білім беру бағдарламасының бейінін есепке алғанда практиканың тиісті түрі бекітілген кафедрада (бұдан әрі – Кафедра) әзірленеді.

10. Кәсіптік практиканың бағдарламасы Кафедра отырысында каралады, отырыс хаттамасымен рәсімделеді және оқу-әдістемелік жұмыс жөніндегі проректор бекітеді.

11. Кәсіптік практиканың бағдарламасы өз мазмұны бойынша мамандықтың бейінін, практика түрінің ерекшелігін, кәсіби стандарттардың және білім беру бағдарламасының талаптарын көрсетеді.

12. Практика бағдарламасының бөлімдері:

 ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ХОРЕОГРАФИЯ АКАДЕМИЯСЫ	«Қазақ ұлттық хореография академиясы» КАҚ бакалавриат студенттерінің кәсіптік практикасын ұйымдастыру және өткізу қағидалары	Код: 17-02
		Басылым: 1
		3 бет 14 беттен

- практиканың мақсаты мен міндеттері;
- практиканы өткізуді ұйымдастыру;
- практиканың мазмұны;
- практикалық тапсырмаларды орындауға қойылатын талаптар;
- білімді бағалау тәртібі мен критерийлері;
- практика бойынша ұсынылатын оқу материалы мен әдебиеттері.

13. Практиканың ұзақтығы студенттің практикадағы апта бойы 30 сағатқа тең нормативтік жұмыс уақытына қарай анықталады (5 күндік жұмыс аптасында күніне 6 сағат).

14. Кәсіптік практиканың барлық түрлеріне жіберу Академия ректорының бұйрығымен, өту мерзімдері, базасы, жіберілетін студенттердің және практика жетекшісінің деректері көрсетіліп рәсімделеді.

15. Практика жетекшілері ретінде профессорлар, доценттер, мамандық ерекшелігін және практика базасының қызметін жақсы білетін тәжірибелі оқытушылар тағайындалады.

16. Практика жетекшісі студенттерді практикаға қажетті даярлауды ұйымдастырады, практика бағдарламасына сәйкес консультациялар өткізеді, практиканың өту барысын қадағалайды, практика бойынша есептердің қорғауды қабылдайды.

17. Кәсіптік практикаға жіберу кезінде студентке беріледі:


- кәсіптік практиканың бағдарламасы, жұмыс жоспар-кестесі (*1-қосымша*);
- кәсіптік практикадан өту туралы күнделік есеп (*2-қосымша*);
- жолдама (Академиядан тыс ұйымдарда практикадан өткенде) (*1-қосымша*).

18. Студент практикадан өту кезінде практика бағдарламасын толықтай орындауы, практиканың күнделік-есебін жүргізуі, практиканың тиісті базасы қолданылатын ішкі тәртіп ережелеріне бағынуы, еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы және өндірістік санитария ережелерін зерделеп, қатаң сақтауы, есепті дайындауы тиіс.

19. Кәсіптік практиканың әр түрінің қорытындылары бойынша тиісті Кафедраға практика жетекшісі тексеретін және Кафедра меңгерушісінің өкімімен құрылған комиссияның алдында қорғалатын есепті ұсынады.

20. Білім алушылардың кәсіптік практиканы өткізу үшін базасы ретінде жарғылық қызметі мамандарды даярлаудың бейініне және білім беру бағдарламасының талаптарына сәйкес келетін, кәсіптік практикаға жетекшілік етуді жүзеге асыру үшін білікті кадрлары және материалдық-техникалық базасы бар ұйымдар айқындалады.

21. Кәсіптік практиканың базасы ретінде айқындалған ұйыммен кәсіптік практика түрі көрсетілген кәсіптік практика өткізу туралы шарт жасалады, бағдарлама жоспар-кесте келісіледі.

 ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ХОРЕОГРАФИЯ АКАДЕМИЯСЫ	«Қазақ ұлттық хореография академиясы» КАҚ бакалавриат студенттерінің кәсіптік практикасын ұйымдастыру және өткізу қағидалары	Код: 17-02
		Басылым: 1
		4 бет 14 беттен

III. Оқу практикасы

22. Оқу практикасының мақсаты студенттердің оқу үрдісінде алған теориялық білімдерін бекіту және тереңдету, оқытудың білім беру бағдарламасына сәйкес практикалық шеберліктер мен жұмыс дағдыларын игеруді қамтитын алғашқы кәсіптік құзыреттерді меңгеру болып табылады.

23. Оқу (танысу) практикасының негізгі міндеттері:

1) Академия қызметінің негізгі бағыттарымен танысу;
2) болашақ кәсіптің объектісі болып табылатын ұйымның ұйымдық-құқықтық нысанымен, құрылымымен, басқару жүйесімен және т.б. жалпы танысу;

3) болашақ кәсіптік қызметтің түрлерін, функцияларын және міндеттерін зерделеу;

4) еңбек ұжымында жұмыс жасау дағдыларын игеру болып табылады.

24. Оқу (танысу) практикасы барлық мамандықтардағы білім студенттер үшін өткізіледі және 1-2 курста ұйымдастырылады.

25. Оқу практикасы Академияда, болашақ кәсіптік қызметтің объектісі болып табылатын ұйымда және басқа мекемелерде танысу экскурсияларымен коса өткізіледі.

26. Оқу практикасы тиісті білім беру бағдарламасы бойынша мамандар даярлауды жүзеге асыратын Кафедраларға бекітіледі.

IV. Педагогикалық практика

27. Педагогикалық практиканың мақсаты жалпығылыми, мәдениеттану, психологиялық-педагогикалық, әдістемелік және арнайы пәндер бойынша білімдерді бекіту және тереңдету, теориялық білімдер негізінде педагогикалық машықтарды, дағдылар мен құзыреттерді қалыптастыру болып табылады.

28. Педагогикалық практиканың негізгі міндеттері:

1) педагогикалық қызметтің бастапқы тәжірибесін игеру;
2) сабақ беру мен оқыту әдістемесін меңгеру;
3) педагогикалық шеберліктің негіздерін білу;
4) оқу-тәрбие және оқытушылық жұмысты өз бетінше жүргізудің машықтары мен дағдыларына баулу;


5) ғылыми-психологиялық және педагогикалық зерттеудің дағдыларын меңгеру;

6) тәрбие жұмысының әдістемесін меңгеру;

7) оқытудың инновациялық технологияларын білу;

8) оқу және тәрбие жұмысы барысында білім алушыларға олардың даму ерекшеліктерін ескере отырып жеке тәсілді жүзеге асыру болып табылады.

29. Педагогикалық практиканың бағдарламасын мамандықтың білім беру бағдарламасының талаптарына сәйкес Кафедра әзірлейді және білім алушылардың бойында кәсіби маңызды машықтарды жасауға және педагогикалық құзыреттерді қалыптастыруға бағытталған.

 ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ХОРЕОГРАФИЯ АКАДЕМИЯСЫ	«Қазақ ұлттық хореография академиясы» КАҚ бакалавриат студенттерінің кәсіптік практикасын ұйымдастыру және өткізу қағидалары	Код: 17-02
		Басылым: 1
		5 бет 14 беттен

V. Өндірістік практика

30. Өндірістік практиканың мақсаты кәсіптік құзыретті бекіту, кәсіби қызметінің практикалық дағдылары мен тәжірибені игеру болып табылады.

31. Өндірістік практиканың негізгі міндеттері:

1) білім беру бағдарламасы бойынша кәсіптік қызметінің түрлерін, олардың функциялары мен міндеттерін оқып зерттеу;

2) теориялық білімдерді бекіту және бұл негізінде кәсіби машықтарды, дағдылар мен құзыреттерді қалыптастыру;

3) инновациялық технологияларды, еңбек пен өндірістің озық әдістерді меңгеру;

4) ұйымдастырушылық және кәсіптік тәжірибені игеру;

5) командалық жұмыстың, басқарудың корпоративтік қағидалары құзыретінің дағдыларын игеру;

6) өз бетінше өз қызметті жоспарлау, әріптестермен пайдалы байланыстарды орнату, рольдік кәсіби ұстанымын айқындау, жауапкершілік сезімін қалыптастыру машықтарды меңгеру болып табылады.

32. Өндірістік практика барлық мамандықтардағы студенттер үшін жүргізіледі және студенттердің оқуды аяқталуына дейін 2-3 курстан бастап ұйымдастырылады.

33. Өндірістік практиканың бағдарламасы білім беру бағдарламасының талаптарына сәйкес әзірленеді және білім алушыларда кәсіби мағыналы машықтарды өндіруге және кәсіби стандарттарының талаптарына сәйкес арнайын құзыреттерді қалыптастыруға бағытталған.

VI. Диплом алдындағы практика

34. Диплом алдындағы практика дипломдық жұмысты (жобаны) орындайтын білім алушылар үшін ұйымдастырылады.

35. Диплом алдындағы практиканың мақсаты дипломдық жұмысты (жобаны) жазудың аяқталуы болып табылады.

36. Диплом алдындағы практиканың негізгі міндеттері:

1) дипломдық жұмыстың (жобаның) тақырыбы бойынша практикалық материалдарды жинақтау, өңдеу және жалпылау;


2) дипломдық зерттеудің тақырыбы бойынша статистикалық мәліметтері мен практикалық материалдарды талдау;

3) дипломдық жұмыстың (жобаның) немесе есептің тақырыбы бойынша қорытындыны, заңдылықтарды, кепілдемелер мен ұсыныстарды тұжырымдау;

4) дипломдық жұмысты немесе есепті білгіленген талаптарға сәйкес ресімдеу болып табылады.

37. Диплом алдындағы практика жеке оқу жоспарына сәйкес дипломдық жұмысты (жобаны) немесе есепті орындайтын барлық білім беру бағдарламаларының студенттері үшін бітіруші курста өткізіледі.

38. Дипломдық жұмысты (жобаны) немесе есепті әзірлеу және жазу үшін білім беру бағдарламасымен диплом алдындағы практикасы көзделген.

 ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ХОРЕОГРАФИЯ АКАДЕМИЯСЫ	«Қазақ ұлттық хореография академиясы» КАҚ бакалавриат студенттерінің кәсіптік практикасын ұйымдастыру және өткізу қағидалары	Код: 17-02
		Басылым: 1
		6 бет 14 беттен

39. Диплом алдындағы практика бойынша басшылықты әдеттегідей дипломдық жұмыстың (жобаның) ғылыми жетекшісі не тәжірибелі оқытушылар, білім беру бағдарламасының бейіні мен практика базаларының қызметін жақсы білетін өндірістік оқыту шеберлері жүзеге асырады.

40. Диплом алдындағы практиканың ұзақтылығы жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес дипломдық жұмысты (жобаны) жазуға берілген кредиттер санымен айқындалады.

41. Диплом алдындағы практиканың мазмұны дипломдық жұмыстың (жобаның) тақырыбымен айқындалады.


42. Диплом алдындағы практиканың қорытындылары арнайы кафедра ұйымдастыратын дипломдық жұмысты (жобаны) алдын ала қорғауда қорытындыланады.

VII. Білім бақылауды ұйымдастыру

43. Студенттердің практикадан өту туралы есептілігінің нысаны мен түрі (күнделік, есеп және т.б.) практика бағдарламасымен айқындалады.

44. Практика жетекші студенттің кәсіптік практикасын оның бекітілген бағдарламаға сәйкес жасалған есепті ұсынғаннан кейін бағалайды.

45. Есепті қорғау нәтижелері №125 бұйрыққа сәйкес баллдық-рейтингтік әріптік бағалау жүйесі бойынша бағаланады.

 ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ХОРЕОГРАФИЯ АКАДЕМИЯСЫ	«Қазақ ұлттық хореография академиясы» КАҚ бакалавриат студенттерінің кәсіптік практикасын ұйымдастыру және өткізу қағидалары	Код: 17-02
		Басылым: 1
		7 бет 14 беттен

1-қосымша

КЕЛІСІЛДІ

Кәсіптік практика жетекшісі
(ұйым, кәсіпорын, мекеме)

_____ Т.А.Ә
« ____ » _____ 20 ____ ж.

БЕКІТІЛДІ

«Қазақ ұлттық хореография
академиясы» КАҚ
оқу-әдістемелік кеңесінің шешімі

№ ____ хаттама
« ____ » _____ 2019 ж.

Кәсіптік практиканың жұмыс жоспар-кестесі


_____ білім беру бағдарлама бойынша
_____ курс

№	Кәсіптік практиканың бағдарламасына сәйкес орындауға (оқытуға) жататын жұмыстар тізбесі	Кәсіптік практиканың бағдарламасын орындау мерзімдері		Ескертпе
		басталуы	аяқталуы	
1.				
2.				

Кәсіптік практиканың жетекшісі _____ Т.А.Ә.

КОЛЫ

20 ____ ж. « ____ » _____

 ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ХОРЕОГРАФИЯ АКАДЕМИЯСЫ	«Қазақ ұлттық хореография академиясы» КАҚ бакалавриат студенттерінің кәсіптік практикасын ұйымдастыру және өткізу қағидалары	Код: 17-02
		Басылым: 1
		8 бет 14 беттен

2-қосымша

Кәсіптік практикадан өту туралы күнделік-есеп

Студент _____

тегі, аты, әкесінің аты

1. Қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқама.

2. Практиканттың жеке жұмыс жоспары.

№	Мазмұны	Мерзімдері	Ескертпе

3. Кәсіптік практикадан өту туралы күнделік-есеп

р/с	Кәсіптік практиканың бағдарламасына сәйкес әр күн үшін орындалған (оқып болған) жұмыстардың атауы	Кәсіптік практиканың жеке тақырыптарының, жұмыстарының орындау мерзімдері		Өндірістен кәсіптік практика жетекшісінің қолы
		басталуы	аяқталуы	

4. Зерделенген материалдың, орындау техникасының, озық әдістердің т.б. сипаттамасы _____


Студенттің қолы _____

20 __ ж. «__» _____

Кәсіптік практиканың жетекшісі _____

20 __ ж. «__» _____

5. Практикант-студенттің мадақтамалары мен жазалары _____

 ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ХОРЕОГРАФИЯ АКАДЕМИЯСЫ	«Қазақ ұлттық хореография академиясы» КАҚ бакалавриат студенттерінің кәсіптік практикасын ұйымдастыру және өткізу қағидалары	Код: 17-02
		Басылым: 1
		9 бет 14 беттен

6. Кәсіптік практика жетекшісінің қорытындылары (Ұйымнан, кәсіпорыннан, мекемеден). _____


Кәсіптік практика жетекшісі
(ұйымнан, кәсіпорыннан, мекемеден) _____

20__ ж. «__» _____

7. Практикантқа мінездеме _____

Кәсіптік практика жетекшісі _____

20__ ж. «__» _____

 ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ХОРЕОГРАФИЯ АКАДЕМИЯСЫ	«Қазақ ұлттық хореография академиясы» КАҚ бакалавриат студенттерінің кәсіптік практикасын ұйымдастыру және өткізу қағидалары	Код: 17-02
		Басылым: 1
		10 бет 14 беттен

3-қосымша

Жолдама
(Өндірісте қалады)

негіздеме

20__ ж. «__» _____

Студент _____

тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

кәсіпорнының атауы

кәсіптік практикадан өту үшін жолданады

Практиканың басталу мерзімі 20__ ж. «__» _____

Практиканың аяқталу мерзімі 20__ ж. «__» _____

Оқу орнының басшысы _____

МО _____

КОЛЫ

Оқу орнына қайтарылады

Келу мен кету туралы белгі

Студент _____

тегі, аты, әкесінің аты

кәсіптік практикадан өту үшін _____

кәсіптік практиканың атауы

Келді _____

20__ ж. «__» _____

Кетті _____

20__ ж. «__» _____

МО _____

КОЛЫ

МО _____

КОЛЫ

